# ЗАҢ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№1 | 2025

ZANMEDIA.KZ




## ӨМІРІ – ӨНЕГЕ, ЕҢБЕГІ – ҮЛГІ КЕМЕЛ ТҰЛҒА

# ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№1 | 2025

**МЕНШІК ИЕСІ:**
«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**



**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

**АХПАНОВ А.,**
д.ю.н., профессор

**АЙТХОЖИН К.К.,**
д.ю.н., профессор

**ӘБДІРАСҰЛОВ Е.,**
з.ғ.д., профессор

**БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.**
профессор (Қырғызстан)

**МАУЛЕНОВ К.,**
д.ю.н., профессор

**СӘБІКЕНОВ С.,**
з.ғ.д., профессор

**ДОСАЛИЕВ Қ.**
з.ғ.д., профессор

**ШУМИЛОВ В.,**
д.ю.н., профессор,
заведующий кафедрой
Всероссийской Академии
внешней торговли

**РЕДАКТОРЫ**
Түймегүл ИБАШЕВА


# МАЗМҰНЫ


*Өмірі – өнеге, еңбегі – үлгі кемел тұлға*
**Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ** ........ 3

*Введение института помощников для судей повысит эффективность судебной системы*
**Д. АМИР** ........ 15

*Жетістіктер мен мақсаттар*
**Ж.КАРАШЕВА, Ж.САПАРБЕКОВА** ........ 19

*Тұрмыстағы зорлық-зомбылық: мәселелері мен шешімдері*
**Б. МҰҚАШ** ........ 22

*Шетелдік курстар тәжірибені нығайтады*
**Қ. УТЕУБЕКОВ** ........ 26

*Договорный режим имущества супругов*
**Г. НУРАХМЕТОВА** ........ 28

*Жеке сот орындаушылардың қызмет аясы кең*
**Н. АЙТЖАНОВ** ........ 33

*Криптовалюта как объект гражданских прав*
**С.Ж. СУЛЕЙМЕНОВА** ........ 35

*Елге қызмет ету – мінезден*
**М. ФАЗЫЛОВА** ........ 38

*О некоторых вопросах совершенствования судебной практики*
**Д. САМЕТАЕВА** ........ 41

# ӨМІРІ – ӨНЕГЕ, ЕҢБЕГІ – ҮЛГІ КЕМЕЛ ТҰЛҒА



*Өмірінің 60 жылға жуық уақытын еліміздің құқық, заң, білім салаларын дамытуға арнаған кәсіби заңгер, прокуратура саласының ардагері, ғалым, ұстаз, саясаттанушы, іскер басшы, ардақты әке Дулат Жазыбаев көзі тірі болғанында биыл 80-нің сеңгіріне шығып, өзі негізін қалаған Алматы Заң колледжінің 30 жылдық мерейтойын тойлар еді. Амал нешік, қос мерейтойға санаулы уақыт қалғанда жарық дүниемен мәңгілікке қоштасты. «Артында бар оңалар» демекші, ғалым салып кеткен сара жолды шәкірттері мен әріптестері, ұрпағы жалғастыруда.*

Сүйегі асыл, рухы мықты адамдар уақытпен санаспайды, жасы келгенін алға тартып, жұмыстан да қол үзбейді. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, олар «Жұртым деп – жұмылып, «Елім деп – езіліп қызмет етеді». Бұл қасиет, әсіресе, бойындағы бар білім-білігін балаға беру мақсатын ұстанған ұстаздар қауымына тән.



«Еңбегімен ер сыйлы» демекші, сондай адал еңбегімен халқына қалтқысыз қызмет етіп, жұртшылықтың сый-құрметіне бөленген, ұстаздық жолда жанкештілікпен еңбектенген ел зиялысы Дулат Жазыбаев өмірінің соңына дейін жастарды білім-ғылымға баулыды.

Бұл тұрғыда еңбек пен өмір жолында қарапайымдылығы мен беделі тең түсетін Дулат Жазыбаевтың жөні бір бөлек. Небір игі істердің бастамашысы, тумысынан еңбекқор ол «Ердің жасы елуінде» Қазақстанда тұңғыш болып Алматы Заң колледжін ашты. Сан мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, мемлекетіміздің заң, құқық қорғау салаларын арнайы кадрлармен қамтамасыз етті. Дулат Мұсабалаұлының әрқашан да аға ұрпаққа мақтаныш, жас буынға үлгі болғанын ол жайлы жүрекжарды естеліктер байқатады.

Қазіргі Абай облысының Жарма ауданындағы Әди Шәріпов ауылында дүниеге келген Дулат Жазыбаев алғашқы еңбек жолын мұғалімдікпен байланыстырды. Өзінің туған ауылында мұғалім болған ол құрдастары секілді Отан алдындағы борышын өтеп келді. Оның заңгерлікке деген қадамы 1969 жылы Жарма аудандық халық сотының сот орындаушылығынан басталды. Білімге құштар жас бұдан кейін бұрынғы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінде, Марксизм-Ленинизм университетінің саяси кадрлар факультетінде білім алды. Жоғары білімді маман Алматы облысы, Балқаш аудандық прокурорының көмекшісі, Алматы облыстық прокуратурасында тергеуші, аса маңызды қылмыстық істердің аға тергеушісі қызметтерін абыроймен атқарды.

Заңгерлік біліктілігі жоғары, тергеу ісін жүргізу мен ұйымдастыруда қарым-қабілеті мол Д.Жазыбаевтың еңбегі еленіп, Алматы облыстық прокуратурасының Тергеу басқармасына қылмыстық істерді тергеуді қадағалаушы прокурор болып тағайындалды. Бұл қызметпен қатар, ол облыс тергеушілерінің біліктілігін көтеру курсында тергеудің қыр-сырын толық меңгеруден дәріс оқыды. Дулат Мұсабалаұлы қандай қызметте жүрсе де жастардың білім-білігін жетілдіруден жалықпады. Әрі қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысып, кәсіподақ комитетінің төрағасы болды.

Прокуратура органдарындағы жылдар оған қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманың қыр-сырын терең меңгеру,

сондай-ақ, құқық қолдану және заңнаманы талдау дағдыларын, практикалық тәжірибесін шыңдады. «Ұлық болсаң, кішік бол» қағидатын өмірлік ұстанымына айналдырған Дулат Жазыбаев құқық қорғау органдарында еңбек еткенінде жазықсыз жалаға ілінген немесе сүрінген жандар ісін жауапкершілікпен жіті қарап, талай адам тағдырының оң бағытқа бұрылуына ықпал жасады. Өйткені, оның басты ұстанымы – әділдік болды. Ленинград, Харьков қалаларындағы прокурорлардың біліктілігін көтеру институттарында кәсіби біліктілігін жоғарылатты. Ол жерде де өзінің асқан біліктілігі мен алғырлығын көрсетіп, курстарды үздік аяқтады. Сол үшін институт басшылары атынан алғыс жарияланып, бағалы сыйлықтар алды.

Еңбекқор, үнемі ізденісте жүретін маман небір қиын, күрделі істерді ақырына дейін жеткізді. Құқық қорғау органдарында қызмет еткен жылдар ішінде ол тергеген бірде-бір істің соттан кері қайтпауы соның дәлелі. Мұндай бай тәжірибесі Дулат Мұсабалаұлының бағытын білім, ғылым саласына бет бұруына негіз болды.

Осылайша ол 1991 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Заң факультетінің криминалистика кафедрасына аға оқытушылыққа ауысты. Өз ісінің шебері, мықты тәлімгердің еңбегі бұл жерде де елеусіз қалмады. Аталған факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасарлығына тағайындалды. Түрлі марапаттарға ие болды. Халықтың тұрмыс-салтын, жөн-жобаларын, этномәдениетін жақсы білетін Дулат Мұсабалаұлы «Қазіргі кезеңдегі ел-жұрттың этносаралық қарым-қатынас мәдениеті: тәжірибе мен проблемалары» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын саясаттану ғылымы бойынша қорғады. Оның мемлекет, құқық, егемендік, құқықтық жүйе туралы танымдық дәрістері шәкірттеріне бағыт-бағдар берді.

Уақытының көбін әдістемелік жұмыстарға, ғылымға арнаған Дулат Жазыбаев ондаған кітап пен оқу құралдарын шығарып, ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялады. Ғалымның «Заң қызметін ұйымдастыру», «Жекелеген қылмыстарды тергеу әдістері», т.б. оқулықтары студенттер білімін шыңдауда маңызды рөльге ие.

Қазақстанның сол кездегі Әділет минис-





трі, белгілі заңгер Нағашыбай Шәйкеновтің бастамасымен 1994 жылы тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш құқықтық басылымдары «Заң газеті» мен «Юридическая газета», сондай-ақ, «Заң», «Фемида» журналдары, Қазақ мемлекеттік Заң институты (Қазақ гуманитарлық Заң университеті) ашылды. Өйткені, ғалым құқықтық мемлекет құруда мықты заңгерлер мен оларды дайындайтын оқу орны, құқықтық басылымдар қажеттігін жақсы түсінді. Біздің мұны айтуымызға Дулат Жазыбаевтың да елімізде алғашқылардың бірі болып тек заңгерлер дайындайтын оқу орнын ашқаны себеп болып отыр. Осы тұста тоқталып кетерлігі, Д.Жазыбаев Қазақ мемлекеттік Заң университетінің криминалистика және сот сараптамасы кафедрасында аға оқытушы болып жұмыс істеді. Аталған университеттің экс ректоры Нағашыбай Аманғалиұлы әріптесінің еңбегін жоғары бағалап: «Д.Жазыбаев өзінің кәсіби деңгейін көтеру үшін тынымсыз жұмыс жасап, саясаттану және құқықтану салаларында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Дөңгелек үстелдер мен ғылыми-теориялық, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсене қатысып, баяндамалар жасады. «Әкімшілік комиссия және әкімшілік жауапкершілік» кітабын қоса алғанда, жеті ғылыми жұмысы жарық көрді. Сабақты жоғары деңгейде өткізіп, студенттерге практикалық көмек көрсетеді» деп мінездеме берді.

Алматы Заң колледжін құрудағы мақсатын Дулат Жазыбаев «Игілік» журналына берген сұхбатында «Сол кездері құқық қорғау органдары, оның ішінде ішкі істер бөлімдерінде учаскелік инспекторлардың құқықтық сауаттылығы өте төмен болды. Себебі, олардың негізгі мамандықтары малдәрігері, зоотехник, тарихшы, педагог, т.б. болып келетін. Оқиға болған жерді қарау, хаттамалар толтыру, қаулы шығару, т.б. процессуалдық құжаттарды толтыруға келгенде олар құқықтық тұрғыда сауатсыздық танытатын. 1980–1990 жылдары арнаулы заң білімін беретін Талдықорған Заң техникумы ғана болды. Оның мұқым Қазақстанға қажетті арнаулы білімі бар заңгерлерді дайындауға мүмкіндігі жетпейтін. Осындай олқылықтың орнын толтыру үшін, сондай-ақ,  арнаулы орта білімі бар заңгерлер дайындайтын оқу орындарына сұраныстың туындауына байланысты 1995 жылы колледжді аштық» деп түсіндіреді.

Тек қана заң мамандарын дайындауымен ерекшеленетін колледж 30 жылдан бері XXI ғасырдың  талғамы биік жастарының талабын ұштауда. Бұл оқу орнының тағы бір ерекшелігі, Дулат Мұсабалаұлы арнайы пәндерді оқытуға ұзақ жылдар бойы құқық, заң органдарында еңбек еткен тәжірибелі, майталман мамандарды, мысалы, тергеуші, прокурор, судья, т.б. тартты.  Мұндай өз ісінің кәсіби шеберлерінен дәріс алған студенттердің практикалық тұрғыда дайын мамандар болып шығатыны анық. Болашақ заңгерлерді оқытуда «криминалистика»,

«жеке қылмыстарды тергеу әдістері», «жедел іздестіру қызметі» сияқты пәндердің маңызы зор. Аталған пәндер Алматы Заң колледжінде кешенді түрде өткізіледі. Мұндағы криминалистика кабинеті – зертхана, полигон, заңгерлікке баулынатын мамандарға қажетті құрал-жабдықтар, электрондық-ақпараттық құрылғылар, проектор, экран және компьютер, электрондық оқулықтармен толықтай жабдықталған. Колледжде жастарды әскери өмірге баулитын «Алғашқы әскери сабағы» өтеді.

Алматы Заң колледжінің еліміздегі колледждер жетістігін сараптайтын Қазақстан Республикасы «Ұлттық бизнес-рейтинг» қорытындысында 2015 жылы алтынмен апталған «Сала көшбасшысы» медалі мен ұлттық сертификат иеленуінің өзі білім беру деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Дулат Мұсабалаұлы бір ғана колледжбен шектелген жоқ, жастарды білімге көптеп тарту мақсатында Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстарынан да Заң колледждерін ашып, бірталай жастың құқықтық білімін көтеруіне мүмкіндік жасады. Бүгінде Дулат Жазыбаев ашқан Есік қаласындағы «Жетісу гуманитарлық техникалық колледжі» мен «Есік кәсіптік-техникалық лицейі» табысты жұмыс істеуде. Олар мыңдаған азаматтың өмірден өз орнын тауып, кірпіш болып қалануына жол ашты.

Дулат Мұсабалаұлы прокуратурада, жоғары оқу орындарында, қандай лауазымда болмасын өзін жоғары деңгейлі маман ретінде дәлелдеді. Әрі ол терең білім мен практикалық тәжірибені ұштастыра білуінің арқасында жоғарыда аталған оқу орындарына, жалпы, оқу үдерісіне оқытудың заманауи әдістерін енгізді. КСРО Педагогика Ғылым академиясының академигі, жазушы Мәлік Ғабдуллин «Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті, сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді» деген екен. Дулат Мұсабалаұлы осы талап өлшемінің биігінен бар бітім-болмысымен, қоғамдық-педагогикалық қызметімен, білім-білігімен өз орнын алған ұстаз. Ол ұлт руханияты мен елінің кемелді келешегі үшін ізденіп, кейінгі буынға ілім-білімді тынбай дәріптеді. Үнемі елдің ортасында жүрді. Ұлағатты ұстаздың сан мыңдаған шәкірті тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне теңдессіз үлес қосуда.

Заңгер-ұстаз жастардың болашақ мамандығына деген қызығушылығын оятуға айрықша мән берді. Сол мақсатта қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығы бойынша дәрістер мен семинар сабақтарында оқытудың жеке және топтық әдістерін тиімді үйлестіріп, заңнамалық нормалар мен жеке тәжірибелік дағдыларды кеңінен пайдаланды.

Дулат Жазыбаев өмірінің соңына дейін әрбір ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, адалдық танытқан, туған жерін, түлеп ұшқан алтын ұя мектебін ұмытпай, әрдайым көмек қолын созған біртуар жан. Ерен еңбегі үшін «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Астанаға 20 жыл» төс белгілерімен, Білім қызметі сапасы Ұлттық рейтинг кеңесінің шешімімен «Ерен жетістігі үшін» орденімен, сонымен қатар, Алматы қаласы әкімдігінің, Алматы қаласы колледждер қауымдастығының Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталған Дулат Мұсабалаұлының есімі «Элита образования и науки Казахстана», «Алматы алтын» кітаптары мен «Лучшие люди лучшие в образовании» халықаралық энциклопедиясына енген. Ғалым-ұстаз туралы «Беделді білім ордалары» және «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» – атты айтулы басылымдар жазды.

Құдай қосқан қосағы Бақыткамал Ордабаева да заңгер. «Әке көрген оқ жонар» демекші, балалары әке сенімін ақтады. Ұлдары Ықлас пен Асқар әке жолын жалғастырған жоғары білімді заңгерлер. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген даналық Дулат Жазыбаев сынды халқымыздың біртуар перзенттеріне арналған. Бақытты әке, жапырағын кеңге жайған абыз ата Дулат Мұсабалаұлының есімі саналы ұрпағымен, тәлімді шәкірттерімен, ғылыми еңбектерімен, білім саласындағы қолтаңбасымен ұлт тарихында мәңгі қалары анық.

## Естеліктер

**К.С. МАУЛЕНОВ,**
**доктор юридических наук, профессор,**
**Лауреат премии имени Ч. Валиханова**
**в области науки**

# Памяти друга

Год назад юридическая общественность Казахстана понесла невосполнимую утрату - мы потеряли Дулата Мусабалиновича Жазыбаева. Его отец был кузнецом, а мать занималась воспитанием детей, создавая уют и гармонию в семье.

От родителей он перенял самые лучшие человеческие качества: справедливость, порядочность, доброту к людям и честность. В школе он начал проявлять первые успехи в учёбе. Среднее образование он получил в школе имени Абая в селе Георгиевка. Уже в школьные годы он мечтал стать юристом и защищать интересы граждан республики. После окончания школы он был призван в армию, где прошёл воинскую службу и укрепил свою дисциплину и характер.

Вернувшись из армии, Дулат начал трудовую деятельность в школе, где два года работал преподавателем физической культуры. В этот период он женился и создал собственную семью. Несмотря на занятость, он продолжал стремиться к своей мечте - получению высшего юридического образования.

После двух лет работы в школе Дулат поступил на юридический факультет Казахского государственного университета имени С.М. Кирова, что стало началом его пути к профессиональной реализации в области юриспруденции. Эта важная глава в его жизни положила основу для дальнейшей успешной карьеры. Мы учились с Дулатом на одном курсе. Вместе ездили на сельскохозяйственные работы и в строительные отряды. Он всегда пользовался большим авторитетом и заслуженным уважением среди наших сокурсников.

В 1995 году, основываясь на своём богатом практическом опыте, он создал Юридический колледж в г. Алматы. Это стало важной вехой в его карьере, поскольку колледж под его руководством стал одним из ведущих образовательных учреждений в республике, готовящих высококвалифицированных специалистов в области права. Дулат Мусабалинович стремился к тому, чтобы колледж не только предоставлял качественное образование, но и готовил выпускников, способных успешно работать в различных юридических структурах.

Работая в колледже, Дулат Мусабалинович активно занимался научной деятельностью. Он успешно защитил кандидатскую диссертацию на соискание ученой степени кандидата политических наук. На своих лекциях и семинарах по уголовному и уголовно-процессуальному праву Дулат Мусабалинович эффективно сочетал индивидуальные и групповые методы обучения, широко использовал законодательные и нормативные правовые акты, личные практические навыки и умения, стремился не только дать студентам прочные знания, но и привить им интерес к будущей профессии. Преподавательскую практику он успешно совмещал с научной деятельностью, много внимания уделял методическим вопросам, инициировал издание учебных пособий для учащихся и педагогов.

Добросовестный труд Д.М. Жазыбаева - Генерального директора Юридического колледжа г. Алматы был по достоинству оценен государственными органами республики. Он удостоен юбилейных медалей республики: «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», почётной грамотой Ассоциации колледжей города Алматы. В 2018 г. был включен в Международную энциклопедию государств СНГ в раздел: Педагогическая слава - «Лучшие в образовании». В 2020 г. Российская академия естественных наук (г.Москва) избрала Дулата Мусабалиновича Жазыбаева член-корреспондентом и наградила его золотой медалью имени В.И.Вернадского «За вклад в развитие РАЕН».

Дулат Мусабалинович Жазыбаев прошел выдающийся путь от простого школьного учителя до основателя и руководителя Юридического колледжа в г.Алматы. Его жизнь была посвящена служению обществу, развитию образования и подготовке высококвалифицированных специалистов в области юриспруденции. Благодаря своему профессионализму, настойчивости и стремлению к совершенству он оставил значительный след в системе образования Казахстана.

Память о Дулате Мусабалиновиче Жазыбаеве сохранится как о выдающемся педагоге, юристе и человеке, посвятившем свою жизнь служению народу и развитию своей страны. Считаю важным увековечить имя Д.М. Жазыбаева, присвоив его имя созданному им в 1995 г. Юридическому колледжу г. Алматы.

**Қайсар МҰЗАПАРОВ,**
**бала күнгі досы:**

## Нағыз дос болды

Дулат бүкіл саналы ғұмырын заң саласына арнаған ұстаз, жастардың білім алуына көп көңіл бөлді. Екеуміз Абай атындағы мектеп-интернатта бірге оқыдық. Ол заң, мен тарих факультетін бітірдік. «Тарихты қарапайым адамдар жасайды» дейді ғой, біз мыңдаған шәкіртті оқытып, өмірге жолдама бердік. Спортпен шұғылдандық, бірге өстік, кездескенде балалық шағымызды сағынышпен еске алатынбыз. Тентектігіміз де болды, бірақ, жақсы оқыдық. Отан алдындағы азаматтық борышымызды өтедік. Мен Жарма ауданындағы Новореченск ауылында дене шынықтырудан сабақ бердім. Кейіннен өзімізді тәрбиелеген интернат меңгерушісі, оқу бөлімінде инспектор, Мәдениет саласының аудандық бөлім басшысы болдым. Аудандық комитетте нұсқаушы, партия қызметтерінде еңбек еттім. Қазіргі К.Шакенов атындағы орта мектепте, Семей қаласындағы 1 колледжде директор болдым.

Алматы қаласына көшіп келген соң Дулатпен бес жыл тығыз араластым. Барлық мерекеде, жаңа жыл, наурыз, т.б. болсын Дулат екеуміз ұлттық киімімізді киіп, жастарға бата беріп, марқаятынбыз. Дулат ерекше адам, адал дос, білімді, кішіпейіл, кісі көңілін қалдырмайтын. Мені өзінен жоғары санап, айрықша сыйлайтын. Тума-туысқа қамқор ақжарқын, дана жігіт еді. Жатқан жері мамық болсын.

**Светлана КАРАКУЗИЕВА,**
**отставкадағы судья:**

## Курстастарымен етене жақын араласты

Дулат Мұсабалаұлымен бірге 1977 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірдім. Дулаттың басқа студенттерге қарағанда ғылыми жұмыстарға бейім екені байқалып тұратын. Оның бізден біраз үлкендігі бар, тәжірибесі мол болды. Әрқашан да қасындағыларға көмектесуге дайын тұратын. Жолдастарының арасында абыройлы болды. Курстастарымен етене жақын араласатын. Қызметте жүргенімде оның колледжінде мемлекеттік емтихан комиссиясының төрайымы болдым. Студенттерге дәріс оқып, практикалық тұрғыда тәжірибеммен бөлістім. Әрбір жұмысқа жанашырлықпен қарайтын Дулат студент кезінен барлығымызға қамқорлық танытатын. Курстың ең жас студенттері 1955 жылғылар. Алдымен дайындық курсында оқыдық. Тіпті, оның сабақтан тыс кезде де дөрекі сөзін естімеппін, жағымсыз мінезін көрмеппін. Алғашында Дулатты мұғалім екен деп қалдық. Өзі тиянақты, интеллигент, мұғалім сияқты жүретін. Барлық ортада беделі жоғары болды. Курстастар жиналғанда қалмауға тырысатын. Іссапармен жүріп қатыса алмай қалғанның өзінде материалдық тұрғыда бізді қолдайтын.

Курстастардың арасында, олардың өмірінде не болып жатқанынан хабардар болып отыратын. Арамыздан тез кетіп қалады деп ойламадық. Әр облысқа барғанда ондағы курстастармен амандасып қайтуды

ұмытпайтын. Ешкімді іздемей, араласпай кетсе де болады, бірақ, оның қамқор көңілі оған жол бермейтін. Биыл 80 жылдығын тойлайтын едік. Алланың ісі, ешкім ажалға араша түсе алмайды. Сондықтан, ұрпақтары аман болсын. Немере-шөбере сүйді. Балаларына керемет тәрбие берді. Дулатты біз ешқашан ұмытпаймыз, жүрегіміздің төрінде. Есімізде мықты ғалым, жанашыр дос болып қалады.

**Мейманхан ЗОРДИНОВА, подполковник:**

## Әрдайым көпшілік қолдауына ие болды

Мен Алматы облысы Райымбек ауданының Нарынқол ауылында тұрамын. ҚазГУ-де Дулат Мұсабалаұлымен бірге оқыдым. Ол кісіні 52 жылдан бері танимын. Оқу бітірген соң ауданда заң саласында жұмыс істеп, подполковник шенімен зейнетке шықтым. 1997 жылы Дулат Мұсабалаұлы ауданның шалғайлығына қарамастан келіп, барлық ауылды аралап жастармен кездесу өткізді. Заңгер мамандығының қыр-сырын түсіндірді. Өзінің құқығын қорғау үшін заңгерлік білім әрбір адамға қажеттігін барынша ашып жеткізді. Ол кісі әрбір кездесуде өзінің адамгершілігімен, қарапайымдылығымен, білімімен көпшіліктің қолдауына ие болды.

Алматы Заң колледжін бітірген ауыл түлектері еліміздің заң, құқық салаларында абыроймен қызмет атқаруда. Дулат Мұсабалаұлының жарқын бейнесі, оның адами қасиеттері жүрегімізде сақталады.

**Анар КУЛИНОВА, коллега:**

## Его все любили

С Дулатом Мусабалиновичем с 1980-х годов вместе работали в органах прокуратуры Алматинской области. Я в Чилике работала, потом перевели меня в Есик. Он работал в областной прокуратуре, часто мы встречались по работе. Он был всегда такой доброжелательный, всегда старался помочь советами, консультациями.

Вот не было в нем, знаете, никогда какой-то чрезмерной гордыни. Общался со всеми так хорошо. И где-то в конце 1995-го, начале 1996-го года он приехал к нам в Есик, в прокуратуру, и мне говорит: – Анара, у меня колледж в Семипалатинске, в Алмате, в Кызылорде. Я думаю, может открыть еще один колледж в Есике. И как ты думаешь, здесь будут люди учиться? Я говорю: – Конечно, Дулат Мусабалинович, откройте, я с радостью даже своих детей к вам в колледж буду отдавать. Он говорит: – Помогите мне тогда здание найти. Вот мы с ним несколько дней смотрели здания, встречались с хозяевами этих зданий. И в итоге выбрали вот это здание, где сейчас находится колледж юридический.

А также еще, значит, это был один хозяин, он предложил еще одну часть здания. Она находилась тоже в Есике. Здесь же профессионально-техническую школу открыли. Дулат Мусабалинович все это выкупил. И пока это здание ремонтировалось, он мне предложил работать в колледже, преподавать, потому что ему нужны были преподаватели спецпредметов. Я согласилась, и мы начали уже принимать абитуриентов.

Пока ремонтировали здание учебное с мая месяца мы сняли в аренду часть педагогического колледжа, это одно крыло. И вели прием документов у детей. И к первому сентябрю у нас уже набралось очень большое количество студентов. Он еще удивлялся.

Я стала преподавать в колледже, он сам преподавал, приезжал постоянно. Мы часто с ним обсуждали проблемы колледжа, часто встречались. Бакыт Ордабаевна тоже приезжала.

Он даже оставался здесь, ночевал. Проводили вместе профориентацию. Всегда его отличала доброжелательность, умение находить общий язык со всеми людьми.

Вот такое, знаете, человеколюбие, на казахском языке говорят «ақ көңіл», его все любили: и студенты, и преподавательский состав. Потому что он со всеми общал-

ся на равных. Это очень замечательный человек. Я всегда с такой теплотой вспоминаю о нем.

Жалко, что он рано ушел. Мне кажется, он бы еще многое сделал для колледжа. Для нашего города он очень многое сделал. До сих пор дети с удовольствием учатся. Все вспоминают о нем очень тепло.

Трое моих детей окончили этот колледж и трое внуков: двое уже окончили, один еще учится. Я очень благодарна Дулату Мусабалиновичу как мама и бабушка, что мои дети учились недалеко от дома. Получили прекрасные знания.

Наши студенты работают во всех отраслях. Очень много наших студентов работают в прокуратуре и в судах. И не только в Казахстане. У нас есть ребята, которые уехали в Россию. Я слышала, там работают тоже в органах.

Я никогда не забуду Дулата Мусабалиновича.

**Диляра МУТАЛИЕВА,**
**нотариус**

## Жақсылық жасаудан жалықпайтын

Дулат Мұсабалаұлын 2000 жылдан бері танимын. Заң колледжінде 7 жыл оқытушы болдым. Валерий Яковлевич Москвин Қарағанды облысының бұрынғы прокуроры, Серікбол Нұрғалиев Алматы облыстық Тергеу бөлімінің басшысы, бәріміз Дулат Мұсабалаұлымен бірге жұмыс істедік. Дулат Мұсабалаұлы өте жақсы адам. Жүрегі нәзік, айналасындағыларға, студенттерге жақсылық жасаудан жалықпайтын. Сабырлы, салмақты қасиетімен бар қиындықты ақылға жеңдіріп, өзі жөндейтін. Кез келген адамды рухни тұрғыда қолдап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын. Ол кісіні соңғы рет 2024 жылдың маусым айында мемлекеттік емтиханда көрдім. Біз студенттерден емтихан алдық. Шәкірттеріне нақты сұрақтар қойып, олардың жауаптарына риза болып отырды. Өкінішке қарай, қазір арамызда жоқ, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын. Артында қалған балалары мен немере-шөберелері ол кісінің жақсы істерін абыроймен жалғастырарына кәміл сенімдімін.

**Ықлас ДУЛАТҰЛЫ,**
**заң ғылымдарының кандидаты:**

## Әкем бізді еңбекке баулыды

Әкемнің өзім үлгі алар басты қасиеттері – өте қарапайымдылығы, кішіпейілділігі, қамқорлығы еді. Ол кісі ұлағатты ұстаз болды, сабақ беру тәсілі студенттерді өзіне бірден баурап алатын. Кез келген дәрісті шәкірттерімен әңгімелесе отырып, қарапайым тілде жатық мысалдар арқылы түсінікті жеткізетін. Маған тек әке ғана емес, сонымен қатар, үлгі-өнеге етер ұстаз да болды. Әкеміз жан-жақты, өте сауатты, білім мен ғылым саласына жіті көңіл бөлетін. Алматы облыстық прокуратурасында қызмет атқарған кездерін жиі есіне алып, бізге айтып отырғанды ұнатушы еді. Өмір жолы ғой ол әрине.

Бізге өнеге болсын деген шығар «Кез келген еңбек жанады! Еңбек етуден ешқашан да жалықпаңдар»,– деп, жиі айтатын. Бізбен ашық әңгімелесіп, ой-пікірімізге құрметпен қарайтын. Әрқашан да алғысым шексіз. Әкемді Алла мейіріміне бөлесін.

**Гүлшат ЖАЗЫБАЕВА,**
**Алматы қаласы Заң колледжінің директоры, келіні:**

## Бауырмал кісі еді

Марқұм атамның қажырлы еңбегі мен қайратты болмысынан, терең білімділігінен өзге үйдегі әке, ата тұрғысынан алатын орнын ерекше атап өткім келеді. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген қағиданы бек ұстанатын ол кісі туған еліндегі ата-бабасының зиратына барып мінәжат етуді өзіне парыз санайтын. Сол жақтағы

іні-қарындас, ағайын-туғанын аралап, материалдық көмек жасайтын. Батасын беріп, арқа-жарқа болып қайтатын. Өте бауырмашыл, балажан кісі еді. Әрдайым немерелерін еркелетіп, олардың әрбір қылығына мәз болатын. Немерелеріне көп үміт артатын. Жүзі нұрланып, жан-жағына шуағын шашып, мейірімін төгіп жүретін. Әрбір берген батасынан шын ниеті мен адал көңілі байқалып тұратын.

Әке орнына әке бола білген дана тұлғаның ортамыздан ойламаған жерден кетіп қалғаны өте өкінішті. Мінгені, пырақ, тұрағы жұмақ болсын деп құран бағыштағаннан басқа амал қалмады.

**Құралай ОРАЗБАЕВА,**
**Алматы Заң колледжі директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары:**

## Студенттердің жағдайына қарайтын

Дулат Мұсабалаұлының басшылығымен 30 жыл ішінде колледж ұжымы 8000-ға жуық орта буынды заңгерлерді түлетті. Колледждің білім беру қызметі жалпыға бірдей мемлекеттік стандартқа, біліктілік талаптарына сай, мемлекеттік аттестациялаудан өтті. Алматы қаласы Заң колледжі заманауи даму үрдістеріне, жылдар бойы жинақталған өзінің үздік дәстүрлеріне негізделген сапалы бәсекеге қабілетті білім беруді қамтамасыз етеді.

Студенттердің оқытушылардың кәсіби қызметі туралы пікірін анықтау мақсатында «Білім алушылардың колледжде оқыту сапасына қанағаттануы» сауалнамасы тұрақты түрде жүргізіледі. Түзету іс-әрекеттері мақсатында сауалнама нәтижелері педагогикалық кеңесте қаралады, білім алушылар тарапынан жұмысы төмен бағаланған оқытушылармен әңгімелесу өтеді.

Педагог, заңгер-саясаттанушы Дулат Мұсабалаұлы тәуелсіз еліміздің жастарына құқықтық тәрбие беріп, олардың бойында құқықтық мәдениет қалыптастыру мақсатын қойса, бүгінде біз бұл меже биігінен көріне алдық деуге толық негіз бар. Ол кісі үнемі студенттердің жағдайына қарайтын. Ата-аналармен ашық сөйлесіп, мұң-мұқтаждарын тыңдап, қолынан келген көмегін аямайтын. Білімге құштар, бірақ, оқуға әлеуметтік жағдайы мүмкіндік бермейтін жастарға барынша жеңілдік жасайтын. Ақыл-кеңес сұрай келген ұстаздар мен студенттерге әрқашан бағыт-бағдар берді. Біз үшін ардақты аға, парасатты басшы Дулат Жазыбаев әрқашанда өз биігінде қалады.

**Гүлбаршын МҰХАМЕДЖАНОВА,**
**«Жетісу гуманитарлық техникалық колледжі» директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:**

## Біздің кадрлар жоғары сұранысқа ие

Алғашында Жетісу Заң колледжі Алматы Заң колледжінің филиалы болатын. 2003 жылы бөлініп шығып, атауын өзгертті. Заман талабына сай, басқа да мамандық иелерін оқыту қажеттігі туды. Заң колледжі болып тұрғанда «ақпараттық жүйелер», «қаржы және қаржы құқығы» мамандықтарын аштық. Жылдан-жылға оқу бағдарламалары кеңейіп, «есептеу техникасы», «жол қозғалысын ұйымдастыру», «мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «есеп және аудит» мамандықтары бойынша лицензия алып, түлектер дайындадық. Осылайша оқу бағдарламаларының кеңеюі колледж атауын ауыстыруды талап етті. Соған орай, колледж атауы 2021 жылы Жетісу гуманитарлық техникалық колледжі болып өзгертілді.

Қазіргі күні біздің колледжде білім алатын 845 баланың 700-ге жуығы мемлекеттік тапсырыспен оқиды. Бұл колледж ауданымызда еңбек нарығына сай мамандар дайындап отырған бірден-бір білім ошағы. Қазіргі таңда ауданды «мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандарымен толықтай қамтамасыз етіп отырмыз. Түлектеріміз жұмыссыз қалмайды. Білім-

дерін жоғары оқу орындарында жалғастырып жатқандар жетерлік. Сонымен қатар, «есеп және аудит, есептеу техникасы» мен «ақпараттық жүйелер» мамандары Қазақстанның цифрлануына байланысты жоғары сұранысқа ие.

Бүгінгі күні колледжде 55 оқытушы мен өзге де қызметкерлер еңбек етеді. Құрылтайшымыз Алматы Заң колледжі материалдық-техникалық базамызды нығайтуға айрықша көңіл бөледі. Колледж заманауи талаптарға сай, қажетті құрал-жабдықтармен толықтай қамтылған. Әрине, мұның бәрі Дулат Мұсабалаұлының ерен еңбегінің нәтижесінде жолға қойылды. Өмірлік ұстазым кең пейілді Дулат ағаның жақсы істері шәкірттерінің жадынан өшпейді. Рухы пейіште шалқысын!

**Қарашаш ЕСЕНОВА,**
**«Есік кәсіптік-техникалық лицейінің» директоры:**

## Қамқорлығы өмірімді күрт өзгертті

Дулат Мұсабалаұлы менің нағашым, анам Банудың туған ағасы. 22 жасымда Алматы технологиялық университетін бітірдім. Мамандығым инженер-технолог. Біз оқу бітіргенде мамандықпен жұмысқа орналасу қиын болатын. Қолымда кішкентай сәбиім. Ауылға қайтам деп отырғанымда анам Дулат ағаға ертіп барып, мені тапсырды. Сол сәт менің өмірімді күрт өзгертті. Нағашыма өте ризамын, маған ешқашанда өтей алмайтын қамқорлық жасады. Алғашында колледжде куратор, мұғалім болдым. Қызылорда қаласында Алматы Заң колледжінің филиалы ашылып, сонда білім бөлімін басқардым. 2002 жылы Есік қаласында колледж ашылды. Сол кезде Дулат аға маған «Қарашаш, сен тамақтандыру саласының маманысың. Сол себепті, аспаздар дайындайтын колледж ашамыз, соған директор боласың» деді.

Қолымнан келе ме? дегенімде, «уайымдама бәрі жақсы болады» деп, өзінің көмектесетінін айтты. Ертеңінде Дулат Мұсабалаұлы түс көріпті, сонда анасы менің алдыма үлкен ақ шүберек жайыпты. Онда «иди, иди, будешь» деген сөз жазылған екен. Мұны маған нағашым «қорықпа, алға жүр, бәріне жетесің» деп түсіндіріп, батасын берді. 2002 жылы Есік қаласына қызмет бабымен көшіп бардым. Қазіргі күнге дейін колледжді басқарып отырмын.

Дулат аға жұмыс барысында мені жиенім, туысым деп еркелетпей, қатал қарады. Әрбір істің жауапкершілікпен тиянақты жасалуына мән беретін. Бізге еңбегі көп сіңді. Мәңгілік мекені Алланың нұрына бөленсін!

**Ерғазы ҚЫЗЫҚХАНОВ,**
**Алматы қаласы Әуезов аудандық Полиция Басқармасында Жедел криминалистика бөлімінің аға криминалисі, полиция майоры:**

## Өз пікіріңді қорғай білуге үйретті

Алматы қаласы Заң колледжін 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл кісінің еткен еңбегі, жеткен жетістігі артынан ерген шәкірттері бізге үлгі. Өте үлкен дара жолы – колледждегі 30 жыл ішінде қаншама түлек болашағының жарқын болуына тікелей ықпал етуі. Шәкірттерін әрқашанда уақытты, адалдық пен шыншылдықты қадірлеуге үйретті. Ең бастысы, бізге өз көзқарас-пікірімізді қорғай білудің баға жетпес қасиет екенін ұқтырды. Ол кісіге кім не жөнінде айтса да, өз пікірінде қалатын. Жастардың басына түскен кез келген қиындығын бөлісетін.

Ұжыммен жұмыс істеуді мен ұстазымнан үйрендім. Әріптестеріңмен «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тату, бірлікте еңбек ету» басты ұстанымың болсын дейтін. Бұл тұрғыда мен ылғи да ұстазымның өмірлік тәжірибесін ұстандым. Мен Заң колледжін 2008 жылы бітірдім, қазіргі күні заңгермін. Дулат Мұсабалаұлының рухы пейіште шалқысын.

**Бағдат АМАНДОСҰЛЫ,**
**«Tarbaqatai» заң кеңесшілер палатасының мүшесі, заңгер:**

# Әрбір шәкіртінің жетістігінде үлесі бар

Алматы Заң колледжін 2001–2004 жылдар аралығында үздік дипломмен тәмәмдап, кәсіби жолымды бастадым. Сол сәттен бері осы оқу орнынан алған білім мен тәрбием өмірдегі сенімді іргетасым болды. 30 жыл бір буынды қалыптастыруға жеткілікті уақыт деп ойлаймын. Колледж осы жылдар ішінде қаншама заңгерлерді дайындады. Қоғамымыздың әртүрлі саласына кәсіби мамандар шығарды. Мұны білім ордасының сапалы білім берудегі тұрақтылығы мен үздіксіз даму жолындағы ерен еңбегінің айғағы деп білемін. 30 жылда жеткен жетістіктердің барлығы Дулат Мұсабалаұлы бастаған ұжымның жоғары кәсібилігі мен адал еңбегінің нәтижесі. Колледжде алған білімім мен тиянақты дайындығымның арқасында бүгінгі күні Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәжірибелі заңгер ретінде қызмет етіп, қоғамға құқықтық тұрғыда түрлі заңи кеңестер беріп, қызметтер көрсетіп, қоғамға өз үлесімді қосып келемін. Алдағы уақытта да колледжіміз білім мен ғылымның биік белестерін бағындырады деп нық сенемін.

Ұстазымыз Дулат Жазыбаевтың бұл күнді көрмеуі өкінішті. Ол кісінің әрбір сөзі бізді қанаттандыратын. Жігерімізді жанып, рухымызды көтеретін. Әрбір шәкіртінің жетістігінде Дулат Мұсабалаұлының үлесі бар. Ағамыздың жатқан жері жарық болсын. Ұжымға шығармашылық табыс, сарқылмас шабыт, ал студенттерге сапалы білім мен жарқын болашақ тілеймін.

**Дайындаған**
**Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ**



# ВВЕДЕНИЕ ИНСТИТУТА ПОМОЩНИКОВ ДЛЯ СУДЕЙ ПОВЫСИТ ЭФФЕКТИВНОСТЬ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ

*Повышение эффективности и справедливости судебной системы - это одна из необходимых и актуальных задач для любого правового государства. В этом направлении в Казахстане за последние годы проводятся масштабные реформы, направленные на обеспечение правосудия и повышение доверия граждан к судебной системе.*

Одним из ключевых направлений судебных реформ является введение института помощников для судей, что уже давно обсуждается и начато к реализации. Этот вопрос заслуживает особого внимания. Работа судей очень сложна и ответственна. Ежедневно они вынуждены изучать большой объем материалов дел, анализировать законодательство и принимать справедливые решения. Кроме того, из-за чрезмерной нагрузки судьи нередко остаются на работе до позднего вечера, иногда до глубокой ночи. Это, безусловно, сказывается на качестве работы. Для решения этой проблемы вопрос о назначении помощников для судей поднимался неоднократно на протяжении многих лет. Тем не менее, несмотря на актуальность этой темы, данная проблема до сих пор не решена. Сложившаяся ситуация объясняется рядом причин. Во-первых, требуется всесторонняя законодательная проработка и проведение необходимых реформ в организационной сфере. Во-вторых, свои трудности создают вопросы бюджета и кадрового обеспечения.



**АМИР**
**Досжан Сарманкулович,**
**судья Верховного Суда Республики Казахстан,**
**Председатель Союза Судей РК**

Несмотря на то, что многие судьи считают наличие помощников важным фактором в повышении качества судебных процессов, как уже упоминалось выше, данная пробле-

ма до сих пор не нашла полного решения.

Если этот вопрос будет урегулирован, качество работы в судебной системе повысится, что, в свою очередь, поспособствует укреплению доверия граждан к судебной системе. Это позволит судьям сосредоточиться на своей основной задаче — справедливом и качественном осуществлении правосудия.

Помощник судьи — это квалифицированный специалист с высшим юридическим образованием, который помогает судье в повседневной работе, включая подготовку документов, анализ законодательства и изучение материалов дел. Такая помощь позволяет судье экономить время, затрачиваемое на рассмотрение судебных дел, и проводить более глубокий анализ при вынесении решений.

На сегодняшний день в обсуждении вопроса о назначении помощников для судей многие указывают: «Но у судьи ведь уже есть помощник», подразумевая под этим секретаря суда. Однако эти две должности и их функции существенно отличаются. Секретарь суда не является помощником судьи, поскольку имеет свои специфические и зачастую сложные служебные обязанности.

Работа секретаря суда в основном направлена на организацию судебных процессов и выполнение административных обязанностей. Он обеспечивает проведение судебного процесса в соответствии с требованиями закона. Основные обязанности секретаря суда включают:

- уведомление участников судебного процесса: своевременное извещение сторон по делу о времени и месте судебного заседания;
- организацию судебных процессов: подготовка зала суда, обеспечение необходимой документации, подготовка технических средств, необходимых для процесса;
- подготовку протоколов суда: ведение протокола каждого судебного заседания в электронном формате с указанием поданных ходатайств;
- отправку сопроводительных писем и телефонограмм: оформление и отправка документов для доставки судебных постановлений и решений сторонам;
- исполнение судебного решения или приговора: контроль за вступлением решений в законную силу и организация необходимых действий для их исполнения;
- передачу дел в архив: правильная систематизация документов и их передача в архив после завершения судебного производства и др.

Все эти обязанности полностью занимают рабочий день секретаря суда, требуя их своевременного выполнения. Поэтому, как было отмечено выше, секретарь суда из-за большой загруженности не может выполнять функции помощника судьи. Во многих случаях секретари успевают лишь выполнять свои прямые обязанности, и у них нет времени для дополнительной помощи судье.

Именно по этой причине возникла необходимость введения института помощников для судей.

При обсуждении любой инициативы важно обращаться к истории. Осознание исторического контекста позволяет уверенно смотреть в будущее. Если взглянуть на историю вопроса о помощниках для судей, можно выделить несколько важных этапов. Ранее в казахском обществе казахские бии были символами справедливости, мастерства слова и мудрости, выполняя функции, схожие с работой современных судей. Они заботились о народе, решали споры и пользовались высоким авторитетом. Однако для выполнения этой ответственной роли казахским биям требовались помощники и верные соратники.

Роль помощников была значительной, и они занимали особое место в наставнической деятельности биев. Помощники были не только верными соратниками и помощниками, но и учениками, которые, находясь рядом со своим наставником, стремились перенять жизненный опыт, навыки управления и искусство ораторства. Обязанности помощников включали:

- участие в собраниях и спорах, а именно: помощники вместе с биями участвовали в

судебных процессах и народных собраниях, стараясь понять положение дел и проблемы общества. Это способствовало углублению их знаний и приобретению опыта;

- сбор и анализ информации: для справедливого решения споров бии опирались на точные данные. Их помощники собирали необходимую информацию и помогали в ее анализе;

- обучение молодых учеников: бии выступали наставниками для своих помощников, обучая их управлению страной и разрешению конфликтов.

Помощники были не просто исполнителями поручений, но и учениками, стремившимися стать в будущем биями. Находясь рядом с наставниками, они постигали мудрость, искусство красноречия и принципы справедливости. Бии уделяли своим помощникам особое внимание, стараясь развить у них следующие качества.

Искусство красноречия: помощников обучали правильному использованию слов, умению побеждать в дискуссиях и уверенно выступать перед народом.

Справедливость и честность: помощников воспитывали в духе справедливости и честности, поскольку в будущем они могли стать важными фигурами, решающими судьбы людей.

Терпение и выдержка: для решения сложных проблем в обществе требовались терпение и выдержка, которые наставники старались привить своим ученикам.

Помощники биев были неотъемлемой частью института наставничества в казахском обществе. Их воспитание обеспечивало преемственность школы биев , вносило вклад в сохранение духовного наследия нации.

Сегодня наследие биев и их помощников представляет собой ценную основу для воспитания молодежи, так как работа судей, подобно деятельности биев, требует справедливости и ответственности. Современная практика привлечения помощников к работе позволяет нам готовить квалифицированных специалистов.

Поэтому введение института помощников для судей является важным шагом к повышению эффективности судебной системы. Это, во-первых, способствует оптимизации процесса судебного производства, во-вторых, уравновешивает рабочую нагрузку судей. И, самое главное, обеспечивает справедливое и прозрачное осуществление правосудия.

Кроме того, такая инициатива способствует формированию кадрового резерва судебной системы и профессиональной подготовке молодых юристов. Работая помощниками, молодые специалисты могут освоить тонкости судебного производства и в будущем стать опытными судьями. Это, в свою очередь, открывает путь к яркому и справедливому будущему страны.

Если говорить о значении и функциях помощника судьи, то он является специалистом, оказывающим необходимую поддержку судье в его профессиональной деятельности. Основные обязанности помощника включают:

- подготовку материалов дела: помощник анализирует дела, поступающие на рассмотрение судьи, собирает необходимые материалы и заранее готовит процессуальные документы;

- проведение правовых исследований: помощник проводит правовой анализ соответствующих законодательных и нормативных актов, помогая судье в принятии решений;

- оказание помощи в оформлении судебных документов: помощник содействует правильному оформлению документов и обеспечивает поддержку в принятии правильного решения по рассматриваемому делу. Это дает судьям возможность сосредоточиться исключительно на своих ключевых профессиональных обязанностях.

